

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі: _____



**ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы
Ортаңғы «БАЛБАЛА» (3 жастағы балалар) тобының
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ВАРИАТИВТІ КОМПОНЕНТ бойынша
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ
Тақырыбы: «БАЛА ТІЛІН ДАМУ»**

Тәрбиешілер: Альжанова Забира, Рысбаева Нұрайна

**ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы
Ортаңғы «БАЛБАЛА» (3 жастағы балалар) тобының
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ВАРИАТИВТІ КОМПОНЕНТ бойынша
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ**

Тақырыбы: «БАЛА ТІЛІН ДАМУ» (1,0–36)

№	Тақырыптар	Мақсаты	Сағаты	Өткізілетін күні
1	«Менің ойыншықтарым»	Сөздік қорларын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы кеңейту. Өлеңнің мазмұның түсінуге дағдыландыру. Балалардың сөйлеу тілін түрлі ойындар арқылы заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту, ойыншықтардың атын атай отырып, сипаттай білуге үйрету.	1	01.09.2023
2	"Құмырсқа" ертегісі. (көркем әдебиет)	Балаларды "Құмырсқа" ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; ертегі мазмұның түсіндіру; ертегі желісі арқылы балалардың тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту; балалардың ертегіге қызығушылықтарын ояту; дос туралы түсінік беру, адамгершілікке тәрбиелеу	1	08.09.2023
3	Ілияс Жансүгіров «Күз» (өлең)	«Күз» өлеңімен таныстыру; балаларға күз мезгілінде болатын маусымдық өзгерістерді байқауды үйрету; еске сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу	1	15.09.2023
4	"Күн" мен "түн" суреттері	Балаларға тәулік бөліктері - күн мен түн құбылыстары туралы, олардың	1	22.09.2023

	бойынша әңгімелесу.	табиғат пен адам өміріне пайдасы туралы әңгімелеу; түрлі сөздік ойындарда ересектің соңынан сөздер мен сөз тіркестерін қайталап, айтқанын қимылдармен сүйемелдеуді үйрету.		
5	Күз кереметі. Жемістер. Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жемістердің аттарын атап, ажырата білу. Жемістер туралы өлең үйретіп, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру	1	29.09.2023
6	«Әлди-әлди» санамағын мәнерлеп оқу. Дауысты [а], [ә] дыбыстары.	Балаларға педагогтің соңынан санамақ жолдарын қайталап айтуды үйрету. Балалардың жуан [а] және жіңішке [ә] дауыстыларды сөз құрамында анық айтқызу және артикуляциясын жетілдіру; мәнерлеп сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; фонематикалық есту қабілетін дамыту; ақыл-ой қабілетін жетілдіру, жағымды эмоцияларды дамыту.	1	06.10.2023
7	«Қызыл сары, сап- сары... » атты тақпақты жаттау. Дауысты [ұ], [ү] дыбыстары.	Балаларға күзгі жапырақтардың түсуі туралы мағлұмат беру, ересектің соңынан күз туралы көркемсөзді жаттауды үйрету; жуан [ұ] және жіңішке [ү] дауысты дыбыстары бар сөздерді анық естуді жаттықтыру. Балалардың артикуляциясын, фонематикалық есту қабілетін қалыптастыру, түстерді ажырату қабілетін жетілдіру, ақыл-ойын, есту, еске сақтау қабілетін дамыту; күзгі табиғаттың сұлулығын байқау, эстетикалық талғам негіздерін қалыптастыру.	1	13.10.2023

8	«Ұшты-ұшты» жаттығуы. Тілдің дыбыстық мәдениеті. [Ш] дыбысы.	Балаларды [ш] дыбысының айтылу мәдениетіне үйрету; әңгімелесу, ойындар барысында жыл құстарының атауын атап, күз мезгілінде жылы жаққа ұшу құбылысы жөнінде мағлұматтар беру. Балалардың [ш] дыбысын оңаша, сөз құрамында анық айтудағы артикуляциялық мүмкіндіктерін жетілдіру; фонематикалық есту қабілеттерін қалыптастыру; есте сақтау мен ой-өрісі қабілетін дамыту. Күз мезгілінің өзгерістеріне, жыл құстарының дыбыстарына, тіршілігіне деген байқағыштық сезімін тәрбиелеу.	1	20.10.2023
9	«Жеміс пен көкөніс» дидактикалық ойыны	Балалардың түсінігіндегі күз сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің ерекшеліктері мен өсетін жері туралы білімдерін кеңейту; жемістердің бау-бақшада, көгөністердің бақшада өскенін айтқызып, күз сыйларына қатысты көркемсөзді мәнерлеп оқуды пысықтау. Балалардың жемістер мен көгөністерді ортақ белгілер бойынша бөлу, біріктіру біліктерін жаттықтыру; тақпақ шумақтарын мәнерлеп айтқызып сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; ақыл-ой мен еске сақтау қабілетін дамыту. Тақырыпта айтылатын адам еңбегін қадірлеуге үйрету, зеректікке, белсенділікке тәрбиелеу.	1	27.10.2023
10	"Кітапхана" ойыны.	Балаларды кітапханамен және кітапханашының қызмет ерекшелігімен таныстыру; кітапхананың адам өмірінде алатын маңызы жөнінде білімдерін кеңейту; кітапхананың ережелері мен тәртібі туралы мағлұмат беру	1	03.11.2023

11	Саяхатшылар ойыны. Дауыссыз [m], [d] дыбыстары.	Балаларға сөздердің буын құрамында [т], [д] дыбыстарын айту тәртібін таныстыру; көліктерді атап отырып, негізгі қимылдарды білдіретін баяндауыштармен айту дағдысын бекіту. Балалардың артикуляциясын [т], [д] дыбыстарын айту арқылы жетілдіру, тілін, еске сақтау, фонематикалық есту қабілетін дамыту; ересектің үлгісі бойынша өз әрекеттерін түсіндіру іскерлігін қалыптастыру. Балалардың көліктер әлеміне, олардың құрылысына, жылжу ерекшеліктеріне қызығушылықтарын ояту, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	10.11.2023
12	Мақтаншақ қоян" ертегісі	Балаларға ертегі мазмұнын түсініп тыңдауды, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуды, ертегіні мазмұндауды, рөлдерге бөлініп ойнауды үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалық сақтауға, адамгершілікке тәрбиелеу.	1	17.11.2023
13	Өтебай Тұрманжанов «Туған өлкем».	Балаларды туған өлке туралы өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарын анық айтуды үйрету; өлеңді еске сақтауды үйрету; Қазақстан туралы түсініктерін кеңейту. Өлең жолдарындағы көркемсөз арқылы балалардың еске сақтауы мен қабылдау қабілетін, зейіні мен тілін дамыту. Балалардың туған өлкеге деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыру; оқу әрекетінде құрдастары арасында мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелерін сақтауға, белсенді болуға тәрбиелеу.	1	24.11.2023

14	«Аққала»	Балаларға сұрақтарға сөз тіркестері мен қарапайым сөйлем арқылы жауап беріп, өз ойын толық жеткізуді үйрету; аққаланың ерекшеліктері туралы мағлұмат беру. Байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, зейінін, елестету қабілеттерін, жағымды эмоцияларын дамыту. Аққаланы неден жасаймыз туралы диалог негізінде сөйлеу тілін дамыту, белсенді болуға тәрбиелеу, қысқы мерекелерді көңілді қарсы алуды үйрету	1	01.12.2023
15	«Айболит» ертегісі	Балаларды өзге халықтардың әдеби шығармаларымен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің іс- әрекетін бағалауды, кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру, кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама беруді үйрету; көркем сөйлеу қабілеттерін, адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Өзге адамдарға мейірімділі, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту.	1	08.12.2023
16	Ақша қар жауып тұр. Дауыссыз [ш] және [ж] дыбыстары.	Балаларды [ш] және [ж] дыбыстарының жеке тұрғанда, буын және сөз құрамында айтылу тәртібімен; сөздің жекеше және көпше түрлерімен таныстыру; қардың қасиеттері туралы білімдерді кеңейту. Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту, сөздердің жекеше және көпше түрлерін ажыратуды үйрету, ақыл-ой, зейін, танымдық қызығушылықтарын, байқампаздықты дамыту.	1	15.12.2023

		Балаларды достыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.		
17	«Қысқы баспана» ертегісі	Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік бере отырып, балаларды жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету. Қыстың ерекшіліктерімен қызықтыра білу. Балаларға ертегіні оқып, таныстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, ормандағы аңдарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу	1	22.12.2023
18	«Айлакер түлкі» (орыс халық ертегісі)	Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым – қатынас әлемімен таныстыру; шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс – әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі - қу) сипаттама бере білуге үйрету; көркем сөйлеу қабілеттерін, адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту; өзге адамдарға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту. Сөздік қорларын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы кеңейту	1	29.12.2023
19	«Құстар біздің досымыз». Қыстап қалатын құстар.	Қазақ тіліндегі сөздерді түсінуді, қыстап қалатын құстардың атауын білу және басқа құстардан ажыратуды, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестеріндегі сөздердің аяқталуын дұрыс өзгертуді үйрету. Дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық аппаратын, көру арқылы қабылдау кезінде көлемдерді сәйкестендіре	1	05.01.2024

		білу қабілетін, есту, еске сақтау, көру зейінін, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық сезіміне, табиғаттағы дыбыстар әлеміне қызығушылыққа тәрбиелеу.		
20	<i>Не, қалай дыбыстайды? Дауысты [о], [ө] дыбыстары.</i>	Балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктері, дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қысқы тіршілігі туралы білімдерін пысықтау. Сөздік ойындар мен жаттығулар барысында дауысты [о], [ө] дыбыстарын анық айтқызу біліктерін арттыру; артикуляция мүмкіндіктерін жетілдіру, есту, еске сақтау қабілетін дамыту; сөздердің дыбысталу ерекшеліктеріне қызығушылықтарын тәрбиелеу, үй жануарларына қамқорлық көрсетуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	12.01.2024
21	<i>"Қасқыр және жеті лақ" ертегісі</i>	"Қасқыр және жеті лақ" ертегісімен таныстыру; балаларға әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс – тұрысын талдауға баға беруге үйретуді жалғастыру; сөздік қорларын молайтып, сөйлеу қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру; ұқыпты және сабырлы болуға тәрбиелеу. Сөздік қорларын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы кеңейту.	1	19.01.2024
22	<i>Барабан дабылы. Дауыссыз [п], [б] дыбыстары.</i>	Балаларды [п] және [б] дыбыстарын жеке, буын және сөз құрамында айту тәртібімен таныстыру, дауылпаз музыкалық аспабының қасиеті туралы мағлұмат беру. Балалардың артикуляциясын [п], [б] дыбыстарын		26.01.2024

		айту арқылы жетілдіру, тілін, еске сақтау, фонематикалық есту қабілетін дамыту; ересектің үлгісі бойынша өз әрекеттерін түсіндіру іскерлігін қалыптастыру: қоршаған ортадағы заттар шығаратын дыбыстардың әлеміне қызығушылықты ояту; әдептілікке бір- бірін құрметтеуге тәрбиелеу.		
23	"Кім күшті?"	Балаларды "Кім күшті?" өлеңімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; ұзақ шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету	1	02.02.2024
24	Құстар неге сөйлемейді? ертегісі	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, құстарға тән ерекшеліктер туралы ұғымдарын қалыптастыру; ертегіні тыңдағанда әр құстың өзіндік қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдауды үйрету; жыл құстары туралы түсінік беру. Еске сақтау қабілеті мен сөздік қорын, зейіні мен ойлау қабілетін сөйлеу тілін дамыту.	1	09.02.2024
25	"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.	Балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталай білуге үйрету, зейінді, бақылауды, есте сақтауды жаттықтыру.	1	16.02.2024
26	Наурызым, армысың!	«Наурыз мейрамы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, Наурыз тойының нышандарын білдіретін барлық сөздерді қолдануды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау.Сөйлеу тілін дамыту.	1	23.02.2024
27	«Тұсау кесер дәстүрі»	Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді	1	01.03.2024

		қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.		
28	Қазақтың туыстық атаулары	Балаларды қазақтың туыстық атауларымен таныстыру, туыстық атауды білдіретін әр сөздің мазмұнын түсіндіру және мәнін ашу; шығарманың қазақ халқының ұлттық ерекшелігінен туындағанын түсіндіру, шығарманың мазмұнын мұқият тыңдауды үйрету және жаттату; шаңырақ туралы түсінік беру. Қазақтың туыстық атаулары арқылы балалардың зейіні мен тілін, ойлауы мен еске сақтау қабілетін дамыту. Туыстық атауларды жатқа білуге қызығушылықтарын ояту; адамгершілік ережелерін сақтау әдебі мен белсенділікке тәрбиелеу	1	15.03.2024
29	«Ғарышкерлер елінде»	Қазақ тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін кеңейту; Қазақстанның алғашқы ғарышкері - Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров туралы мәлімет беру	1	29.03.2024
30	"Бір үзім нан".	Балаларды "Бір үзім нан" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, барықыластарымен тыңдай білуге үйрету; шығарма мазмұнындағы сөздердің мағынасын түсіндіру.	1	05.04.2024

31	<i>Көктем жұмбақтары сөздік жаттығулары.</i>	Балаларға заттардың қасиетіне сипаттама беретін жұмбақтармен таныстыру; заттардың не құбылыстардың ерекшеліктері мен қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға жұмбақ жасыруға қызықтыру, заттың немесе құбылыстың ерекшелігін сөзбен сипаттау арқылы тануды үйрету; сөйлеу мәдениетін, ақыл-ой, еске сақтау, елестету қабілетін дамыту. Балалардың тілдік қатынастарға қызығушылықтарын дамыту; байқампаз, ұғымтал, әдепті болуға тәрбиелеу.	1	12.04.2024
32	<i>Не, қалай дыбыстайды? Дауысты [о], [ө] дыбыстары.</i>	Балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктері, дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қысқы тіршілігі туралы білімдерін пысықтау. Сөздік ойындар мен жаттығулар барысында дауысты [о], [ө] дыбыстарын анық айтқызу біліктерін арттыру; артикуляция мүмкіндіктерін жетілдіру, есту, еске сақтау қабілетін дамыту; сөздердің дыбысталу ерекшеліктеріне қызығушылықтарын тәрбиелеу, үй жануарларына қамқорлық көрсетуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	19.04.2024
33	<i>Бір бидай – бес қап ертегісін әңгімелеу.</i>	Балаларды «Бір бидай – бес қап» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, адамның жақсы қасиеттері туралы мағлұмат беру, адам еңбегінің маңыздылығы туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру. Балалардың мәтінді тыңдау арқылы қысқаша ой түйіндеу қабілетін қалыптастыру, елестету, еске сақтау мүмкіндіктерін, байланыстыра	1	26.04.2024

		сөйлеу қабілетін, танымдық қызығушылықтарын дамыту. Адамның еңбегіне, жануарлардың тіршілігіне қызығушылықтарын қалыптастыру; шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
34	Күләш Ахметова «Алтын дән» (өлең)	Балаларды «Алтын дән» өлеңімен таныстыру; балалардың еңбекке қызығушылығын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуді үйрету; еске сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу.	1	03.05.2024
35	«Жердің көркі - гүл». Гүлдер әлемінде.	Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғаттың сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жауаптарында жаңа сөздерді қолдана білуді үйрету. Жұмбақты құрастыруда сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Көктем гүлдерінің аттарын естеріне сақтап бекіту. Суреттерде және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық сезімдеріне баулу.	1	10.05.2024

36	«Алақай, жаз келді!».	Табиғаттың сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жауаптарында жаңа сөздерді қолдана білуді үйрету. Жұмбақты құрастыруда сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Суреттерде және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық сезімдеріне баулу.	1	17.05.2024 Қайталау 14.05.2024 31.05.2024
----	-----------------------	---	---	--

Дайындаған

Тәрбиешілер: Альжанова Забира 

Рысбаева Нұрайна 

Тексерген

Әдіскер: Альжанова Ақмарал Хасенқызы 